

Г.Б.Мамраева<sup>1</sup>, К.К.Рахимжанова<sup>1</sup>, Т.М.Мұхтарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі;

<sup>2</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: mamraevag@mail.ru)

## Еуразиялық экономикалық одақ — ауқымды экономикалық бастама

Мақалада Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) кіру мәселесі қарастырылған. Қазақстанның ЕЭО кірудегі мақсат-міндеттері белгіленіп, ұйымдағы маңызды экономикалық мәселелер талданған. Сонымен қатар ЕЭО-тың ұстанымдары мен еліміздің сыртқы экономикалық саясатының басты бағыттары да ашылық көрсетілген. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы позициялары зерттеліп, тауар экспортының артықшылықтары талданған. Экономиканы дамытудағы негізгі даму заңдылықтары және бағыттары анықталған. Жалпы, Еуразиялық экономикалық одақтың ХХІ ғасырда жүзеге асырған ең ауқымды жоба екендігі туралы айтылған.

*Кілт сөздер:* Еуразиялық экономикалық одақ, әлемдік сауда қатынастары, инвестиция, Кедендік одақ, дүниежүзілік экономика, капитал, интеграция, кедендік баж, экспорт, импорт, ұлттық сауда саясаты.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) — одақтас үш елдің келешек тағдыры жаңа арнаға бұрылған маңызы зор тарихи кезең. Ол ортақ экономиканың болуы мен оған қатысушылардың ынтымақтасу еркіне негізделген жаңа еуразиялық жақындасу орталығының қалыптасқанын паш етуде. Еуразиялық экономикалық одақ — тауар мен қызметтің, капитал және жұмыс күшінің еркін айналымына және экономиканың негізгі салаларында келісілген саясатты жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым. 2014 ж. 20 мамыры Астана қаласындағы маңызы зор тарихи оқиғаның орын алуымен ерекше есте қалды. Тәуелсіз Қазақстан алғаш рет тауарлардың, қызмет көрсетулердің, еңбек ресурстары мен капиталдардың еркін қозғалысын қамтамасыз ететін аймақтық экономикалық интеграциялық одақтың бір бөлігіне айналды.

Еуразиялық экономикалық одақ жастардың академиялық мобильдігінің шынайы мүмкіндікке айналуына, сондай-ақ ішкі нарық сыйымдылығының кеңеюіне ықпал етеді. Еуразиялық экономикалық одақтың біздің одақтас елдеріміздің мәңгілік достығының өзара іс-қимылы мен тату көршілігінің берік тетігімі екендігі айқын. Мұнда Ресей, Беларусь және Қазақстан мемлекеттері өзара іс-қимылдың мүлде жаңа деңгейіне өтеді: тауарлар, қызметтер, капиталдар мен жұмыс күші еркін қозғалатын ортақ кеңістік құрады. Үштік мемлекеттері экономиканың энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көлік секілді негізгі салаларында келісілген бірыңғай саясат жүргізеді. Ресей Президенті В.Путиннің айтуынша, 170 млн астам халқы бар ТМД кеңістігінде өндірістік, ғылыми және техникалық әлеуеті зор, табиғи ресурстары орасан мол, бірыңғай нарық құрылмақ.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта халықаралық ұйымдарға тән базалық аспектілер, мемлекеттердің егеменді теңдігі, аумақтың тұтастығы, сондай-ақ Одаққа мүше-мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшелігін құрметтеу қағидаттары көрініс тапқан. Сонымен қатар шарт Қазақстан, Ресей және Беларусь азаматтарының әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру мәселелерін шешуге бағытталған және тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын үйлестіруге қатысты экономикалық саясат жүргізуді де ұстанған.

Еуразиялық экономикалық одақтағы елдердің ұстанымдары:

- экономикалық тиімділік;
- еуразиялық кеңістіктің ашылуы;
- дамудың сатылы жолдары;
- егемендікті сыйлау;
- ерікті қарым-қатынас;
- шешім қабылдаудағы теңдік.

Жалпы алғанда, келешектегі интеграциялық тиімділік 2030 жылға қарай ЖІӨ-ң жиынтық өсімі 900 млрд доллар көлемінде болатындығымен бағаланып отыр. Атап айтқанда, соңғы бес жылда Қазақстанның Кеден одағына қатысушы елдермен арадағы тауар айналымы 88 %-ға өсіп, 24 млрд долл. мөлшерге жетті. Қазірде еуразиялық интеграция жөніндегі серіктес мемлекеттерге біздің экспортымыз 63 %-ға ұлғайып, 6 млрд долл. құрады. Бұл көрсеткіштерге негіз болатын көптеген

кәсіпорындар мен компаниялар, қазақстандық, беларусьтік және ресейлік серіктестермен арадағы өзара іс-қимылдық жаңа желілер тұр. Бұл — мыңдаған жаңа жұмыс орындары, тұрақтылық және өзіне тиімді жаңа өткізу нарықтарын ашқан Қазақстан бизнесі табыстылығы өсуінің басты көзі [1].

Еуразиялық экономикалық одақ — Азия елдері арасындағы берік көпір түріндегі ашық экономикалық қоғамдастық. Қазіргі таңда Беларусь елінің тауар өндірушілері қазақстандық серіктестерімен бірге Орта Азия мен Қытай нарығына шығуға ниетті болып отыр. Мәселен, біріншіден, Витебск облысындағы сүт-консерві комбинаты, Кеңес Одағы кезінде алғаш қамтылған сүтті шығарғанымен танымал болса, екіншіден, Беларусь сүт өндірушілері қазақ еліндегі серіктестерімен де жұмыс жасайды. Осы бір кәсіпорынның біздің елмен арадағы тауар айналымы жылына 8,5 млн долл. құрайды. Еуразиялық одаққа кіру — әр мемлекет пен оның жеке аймақтарының бәсекеге қабілетті болуындағы — өнеркәсібі мен саудасын дамытудың ең басты экономикалық көзі.

Мәселен, 2014 ж. өзінде Қазақстаннан Ресейге экспортталған сиыр еті 1510,4 т құраған. Сиыр еті экспортының негізгі көлемі Батыс Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарына тиесілі болып отыр. Жамбыл облысында «Ырыс Бақыт» ЖШС-гі Ресей мен Беларусь еліне 1 млрд тг тауарын нарыққа шығарады.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде отандық дәрілік құралдарды өндірушілер үшін 170 млн ортақ нарыққа жол ашылады. Дәрілік құралдардың ортақ нарығының болуы бәсекелестіктің артуына байланысты дәрілер мен медициналық бұйымдар бағасының төмендеуіне жағдай жасайды. Жоғары талаптар, өндірістің жаңартылуы, технологиялар, өндірістік қуатқа және дәрілік құралдар, медициналық бұйымдарға деген таңдаудың артуы нәтижесінде дәрілердің сапасы да арта түспек.

Экономикалық одақтың Қазақстан мен басқа елдер үшін ең басты бағыты — мұнай мен мұнай өнімдері, газ, электр энергиясы, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар нарығы болып табылады. Осының негізінде 2013 ж. Беларусь және Ресей мемлекеттері арасындағы тауар айналымы 24 млрд долл. асып жығылған. Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы өнеркәсіптік қуаты 600 млрд АҚШ долл. асады [2].

Үш ел арасындағы — үштік одақ кедендік баж салығын алып тастап, үш ел кәсіпкерлерінің өз өнімдерін үлкен нарыққа шығаруына жол ашты. Сонымен қатар ортақ нарықты кеңейте отырып, өндірістік қуатты көбейтуге мүмкіндік алып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың дамуына да жаңа серпін берді. Мысалы, «Ордабасықұс» ЖШС құс фабрикасы қазірде Ресейге өз өнімінің 30 пайызын шығарып отыр. Ендігі кезекте жыл сайынғы өнімділік қуаттылығын 10 мыңнан 30 мыңға дейін арттырмақ.

Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақтағы мемлекеттерде 40 трлн АҚШ долл. құрайтын дүние жүзіндегі барлық зерттелген қазба байлықтың төрттен бір үлесі бар, әлемдегі ең үлкен энергоресурстар мен азық-түліктік астықты экспорттаушы үш мемлекет экономикасының жиынтығы 2,2 трлн АҚШ долл. құрайды.

Қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақ ХХІ ғасырдағы жүзеге асып отырған ең ауқымды бастама. Ол ішкі нарықтың көлемін барынша арттырып отыр. Экономикалық одақтың жалпы сауда айналымы 2,5 трлн АҚШ долл. құрайды. Оның ішінде адам ресурстары 170 млн асса, Одақтың жалпы өнеркәсіптік қуаты 600 млрд АҚШ долл. асады. Сонымен қатар үш ел арасындағы кәсіпкерлерге бірыңғай тарифтер, жеңілдіктер де жасалып отыр. Кәсіпкерлер осы негізде өздерінің кәсіптерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік алады. Үш елдің кәсіпкерлері мемлекеттік сатып алулар жүйесіне тең әрі бәсекеге қабілетті деңгейде қол жеткізеді. Бұл — тауарлар мен қызметтерді жеткізудің үлкен нарығы [3].

Ресей, Беларусь, Қазақстан арасындағы сыртқы тарифтердің бірдей болуы және ішкі тарифтердің жойылуы, сонымен қатар ортадағы кедендік шекаралардың ашылуы Қазақстанның ішкі өнімінің көбеюіне, экспорт пен импортқа тартылатын тауарлардың пайыздық өсімінің ұлғаюына жоғары септігін тигізеді.

Еуразиялық экономикалық одаққа дейінгі үш елдің Кедендік одағы аясында Қазақстан мен Ресей және Беларусь елінің арасындағы жалпы тауар айналымы 50 пайызға дейін өскен. Бұл 26 млрд долл. тең қаражат. Жалпы алғанда, кедендік одақсыз мұндай көлемдегі тауар мен қаржының айналымы елдер арасында орын алуы мүлдем мүмкін емес еді. Яғни алдағы уақыттарда Еуразиялық экономикалық одақтағы тараптар арасындағы тауар айналымы мен сауда-экономикалық қарым-қатынас және еркін қозғалыс нәтижесінде ортақ жалпы ішкі өнім көлемі ұлғаймақ.

Еуразиялық экономикалық одақ құру көрші мемлекеттермен тығыз ынтымақтастық орнатуға, Қазақстан экономикасына жаңа серпін беруге үлкен мүмкіндік туғызбақ. Осы тұста қазақстандық экономиканың дамуындағы басты мәселе — Еуразиялық экономикалық одақ аясында еңбекті аймақаралық бөлісу және үшінші мемлекеттерге қатысты бірыңғай экономикалық саясат жүргізу болып табылады. Сонымен қатар отандық және шетелдік бизнеске қаржылық және өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін ең қолайлы жағдайларды еркін таңдауға мүмкіндік жасауға, экономикалық кеңістіктегі адал бәсекелестік күресте бизнесті нығайтуға мүмкіндік молаяды.

Сонымен, Еуразиялық экономикалық одақ құру шекаралас елдермен арадағы кәсіпкерлік байланыстың қарқынды дамуының басты қозғаушы күшінің бірі болмақ. Онда елімізден экспортталатын тауарлар үшін жаңа логистикалық жол-теңіз тасымалы пайда болады. Ресей мен Беларусь елдерімен біріккен жаңа кәсіпорындар ашылады. Нәтижесінде, жаңа жұмыс орындары көбейеді, бәсекелестік күшейеді және осы бәсекелестік жағдайында қызмет ету мен өндірілетін өнім сапасы да жоғарылайды.

Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстан үшін оңтайлы жақтары:

- әлемдік дағдарыстарға тұрақтылықты арттыру;
- 170 млн адам үшін тарифтік және тарифтік емес кедергілерсіз біртұтас нарық;
- өндіріс пен технологияны жаңарту және өнеркәсіптік қуатты ұлғайту;
- сыртқы сауданы өсіру;
- неғұрлым жоғары талаптар есебінен өнім сапасын арттыру;
- ЖІӨ өсімі 25 %-ға 2030 жылға дейін;
- бәсекелестіктің артуынан бағаның төмендеуі;
- бірлескен кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындарын ашу;
- экономиканың шикізаттық емес секторын елеулі түрде дамыту;
- инвестициялық ахуалды жақсарту;
- қызмет көрсетуді, адам ресурстарын дамытуды жаңа деңгейге шығару;
- капитал мен ғылымды қажетсінетін жаңа салаларды ашу.

Еуразиялық экономикалық одақтың 170 млн. тұтынушысы бар. Сатып алушылардың көбеюі, өндірілетін тауарлардың артуы инвестицияның артуына ықпал етеді, тауар айналымы көбейіп Қазақстан бюджетінің түсімі ұлғаяды [4].

2013 ж. Кеден одағының сыртқы елдермен саудасы 931 млрд долл. құрады. 2013 жылы кеден одағынан 64,4 млрд долл. пайда түсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты артып, импорты азайған. Кедендік одаққа кіргелі импорт көрсеткіші 44 %-дан 3 %-ға дейін төмендеген (1-кесте).

1 - кесте

**Отандық экспорт көрсеткішінің артуы, %**

2011 ж.	7
2014 ж.	14

Кеден одағы мүшелері экономикасының жиынтық көлемі 2,2 трлн долл. құрайды. Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, өткен жылы Кеден одағы елдерімен 17,9 мың сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар бірлесіп жұмыс істеген, олардың 1,1 мыңы — экспортшылар, ал 16,8 мыңы импортшылар болды. Сонымен қатар одақтық саудаға жеке кәсіпкерлерде қатысады және олардың саны былтырғы жылы екі есеге артты. Егер 2012 ж. мұндай кәсіпкерлер 2673 болса, 2013 ж. 5232 болды. Бұл интеграциялық үдерістер ірі кәсіпорындармен бірге шағын және орта бизнесті де қамтып, одақ шеңберінде бірыңғай экономиканың қалыптасып отырғанын көрсетеді.

Соңғы төрт жылда кеден одағы мемлекеттері арасындағы сауда 40 %-ға артты. 2013 ж. нәтижесі бойынша Ресей 2145,7 млрд дол. өнім өндірген болса, ал Қазақстан 230,0 млрд дол. өнім өндірген. Ендігі жерде кәсіпкерлердің бұл бөлігі еуразиялық экономикалық интеграцияның негізгі қозғаушы күшіне айналады. Соңғы бес жылда Қазақстанның Кеден одағына қатысушы елдермен арадағы тауар айналымы 88 %-ға өсіп, 24 млрд долл. мөлшерге жетті. Еуразиялық интеграция жөніндегі серіктес мемлекеттерге біздің экспортымыз 63 %-ға ұлғайып, 6 млрд долл. құрады. «Бұл абстракттілі сандар ғана емес, олардың артында жүздеген нақты кәсіпорындармен компаниялар, қазақстандық, беларусьтік және ресейлік серіктестермен арадағы өзара іс-қимылдың жаңа желілері тұр. Бұл

мындаған жаңа жұмыс орындары, тұрақтылық және өзіне жаңа өткізу нарықтарын ашқан Қазақстан бизнесінің табыстылығының өсуі», — деп атап көрсетті Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

2014 ж. 3 қыркүйегінде өткен Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) 2014–2015 жж. жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы жыл сайынғы есеп жариялады. Осы жылы рейтингті соңғы 6 жыл қатарынан тұрақты позицияға ие болып отырған Швейцария бастап отыр. Қазақстанның даму деңгейі де әлдеқайда жоғары елдер тобында орналасқан, мұнда тиімділік және экономикалық даму факторлары үлкен рөлге ие болып отыр.

2015 ж. бастап, елімізде Кеден одағының техрегламентінде көрсетілген талаптарға жауап бермейтін, алкоголь өнімдерін импорттауға тыйым салынады. 2014 ж. 1 маусымына дейін әкелінген алкоголь өнімдері 2015 ж. 1 қаңтарына дейін сатылып бітуі тиіс.

Рейтинг нәтижелері бойынша, Қазақстан өткен жылғы нәтижелерді тұрақты ұстанып, 4,4 орташа баллмен қайтадан 50 орынға ие болды. Бұл критерий соңғы бес жыл ішінде экспорттың жалпы құрылымындағы (тауарлар мен қызметтер) шикізат экспортының үлесі бойынша анықталады. Жалпы, экспорттағы шикізат ресурстарының экспорттық үлесі 70 %-ды құрайды (2-кесте).

2 - кесте

**Қазақстанның ДЭФ 2014–2015 жж. жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы позициялары**

№	Атаулары	2014–2015 жж. (144 ел арасында)	2013–2014 жж. (148 ел арасында)	Серпін
1	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі	50	50	-
2	Базалық талаптар	51	48	↓3
3	Институттар	57	55	↓2
4	Инфрақұрлым	62	62	-
5	Макроэкономикалық орта	27	23	↓4
6	Денсаулық сақтау және бастауыш білім	96	97	↑1
7	Тиімділік факторлары	48	53	↑5
8	Жоғары білім және кәсіби даярлық	62	54	↓8
9	Тауар нарығының тиімділігі	54	56	↑2
10	Еңбек нарығының тиімділігі	15	15	-
11	Қаржы нарығының дамығандығы	98	103	↑5
12	Технологиялық даярлық	61	57	↓4
13	Нарық мөлшері	52	54	↑2
14	Инновациялар және күрделілік факторлары	89	87	↓2
15	Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі	91	94	↑3
16	Инновациялар	85	84	↓1

2014–2015 жж. жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстан екінші кезеңнен (тиімді даму кезеңі) үшінші (инновациялық даму кезеңі) ауысу кезеңінде орналасқан.

Дүниежүзілік экономикалық форум сарапшыларының бағалауына, Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары еңбек нарығының тиімділігі (2013 ж. — 15 орын, 2014 ж. — 15) мен макроэкономикалық ортаның қалыптасуы (2013 ж. — 27, 2014 ж. — 23) болып табылмақ.

Қазақстанның ең әлсіз позициялары денсаулық сақтау және бастауыш білім беру салалары (2013 ж. — 97, 2014 ж. — 96), қаржы нарығын дамыту (2013 ж. — 103; 2014 ж. — 98 орын), компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі (2013 ж. — 94; 2014 ж. — 91) және инновациялар (2013 ж. — 84; 2014 ж. — 85) сияқты факторларда байқалады.

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі орташа деңгейде, яғни, институттар қазіргі таңда 2014 ж. — 57, (2013 ж. — 55), инфрақұрлым 2014 ж. — 62 (2013 ж. — 62), жоғары білім және кәсіби даярлық 2014 ж. — 62 (2013 ж. — 54), тауарлар нарығының тиімділігі 2014 ж. — 54 (2013 ж. — 56), технологиялық даярлық 2014 ж. — 61 (2013 ж. — 57) және нарық мөлшері 2014 ж. — 52 (2013 ж. — 54).

Ең күрт өсу келесі көрсеткіштер бойынша байқалған: бәсекелес артықшылық табиғаты (2013 ж. 118 — орын, 2014 ж. — 84), венчурлық капиталға қолжетімділік (2013 ж. — 72, 2014 ж. — 47), мемлекеттік қызметкерлер шешімдеріндегі фаворитизм (2013 ж. — 77, 2014 ж. — 53), бизнесті ашу үшін қажетті күндер саны (2013 ж. — 82, 2014 ж. — 62), кредитті алу жеңілдігі (2013 ж. — 61, 2014 ж. — 43), нәрестелер өлімінің азаюы (2013 ж. — 98, 2014 ж. — 81), инвестициялау үшін салық

салу тиімділігі (2013 ж. — 54, 2014 ж. — 37), айлық инфрақұрылымның сапасы (2013 ж. — 135, 2014 ж. — 123).

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің ересек халық арасындағы АИТВ (СПИД) таралуы (1-орын), ұялы байланыс абоненттерінің саны (4-орын), мемлекеттік артықшылық/тапшылық (9), мемлекеттік борыш (11), еңбекақы төлеу және өнімділік (16), инвесторлар құқықтарын қорғау (22-орын) сияқты көрсеткіштері жоғары бағаланған.

Экономикалық зерттеулер институтының АҚ сарапшылары Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі өсуінің ең маңызды факторлары: ЖІӨ-де жеке сектор үлесінің және жаңа жұмыс орындарының өсуі; инновацияларды енгізу, нарықта бәсекелестікті қолдауға бағытталған саясатты әзірлеу; институттық ортаны жетілдіру; еңбек өнімділігінің өсуі; тікелей шетел және ішкі инвестицияларды тарту; ішкі және сыртқы нарықты дамыту болып табылатынын атап көрсеткен [5].

Қаржы нарығында 2014 ж. қаңтар-қазан айлары аралығында Ұлттық банктің алтын валюталық активтері 14,4 % артып, 28,3 млрд долл. жеткен. Бұл ретте ұлттық қордың шетелдік валютадағы активтері 8,5 пайызға артып, 76,8 млрд долл. құрады. 2014 ж. басынан бері Ұлттық қордың резервтерін қоса алғанда, Қазақстанның халықаралық активтері 10 пайызға артып, қазан айының соңында 105,1 млрд АҚШ долл. құрап отыр. 2014 ж. қаңтар — қыркүйегі арасында еліміздегі ақша массасы 16 пайызға артып, ақшалай ұсыныстар әлсіз әрі экономика талаптарына толық жауап берерлік деңгейде болып отыр.

Қазақстанның экономикалық дамуы мен тәуелсіздігін, оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Еуразиялық экономикалық одақтың рөлі зор. Еуразиялық экономикалық одақ — қазақстандық нарықта, отандық тұтынушылар мен өндірушілерді қорғауға, экспортты ұлғайтуға және импорттың орнын басатын өндірісті дамытуға, шетел инвестицияларын тартуға, сауда саясаты мәселелерін тиімді шешуге ықпал етуде. Қазақстанның өндіріс құрылымы, негізінен экспортқа, яғни сыртқы экономикалық байланыстарға бағытталған, сондықтан да бұл байланысты кеңейту — халқымыздың тұрмысын жақсарту мақсатында болып отыр.

Еуразиялық экономикалық одақта Қазақстанға мынадай міндеттер жүктеледі:

1. Еуразиялық экономикалық одақ аясында сыртқы экономикалық қызметті мемлекет тарапынан реттеу шараларын жасау және жүзеге асыруда ортақ еларлық құрылымдар жұмысына тікелей атсалысу.

2. Ел мүддесі үшін Еуразиялық экономикалық одақ аясында үйлестірілген кеден саясатын қалыптастыру.

3. Функционалды, яғни стратегиялық, мақсаттарға сай келетін салаларды қорғау жолымен еліміздің экономикасының дамуына ықпал ету.

4. Ұлттық ғылыми-техникалық, азық-түлік, экологиялық және қаржы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге басымдық беру.

5. Сыртқы экономикалық қызметтен түсетін пайданың толық дерлік ел бюджетіне түсуін қамтамасыз ету.

6. Кедендік заң бұзушылықтар мен контрабанда түрлерінен, есіртке заттары, халық үшін зиянды, қауіпті тауарларды тасымалдаумен тиімді күресу.

7. Әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне Қазақстанның үйлестірілген сыртқы сауда саясатын жүзеге асыра отырып, белсенді батыл әрекеттер жолымен Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болу мәселесін тездету [6–8].

Әлемдік экономикада толыққанды халықаралық құқықтық субъектілікке ие және Дүниежүзілік Сауда Ұйымының қағидалары негізінде әрекет ететін жаңа экономикалық ұйым пайда болып отыр. Ол сауда құрылымын жетілдіру, жоғары технологиялық тауарлар үлесінің артуы, елдеріміздің әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігінің нығаюы. Жалпы алғанда, келешектегі интеграциялық тиімділік 2030 ж. ЖІӨ-н жиынтық өсімі 900 млрд көлемінде болады деп болжануда.

Еуразиялық экономикалық одақтағы тауар экспортының артықшылықтары:

- Сату көлемінің ұлғаюы. Ішкі сатудың сенімді өсумен қатар, сату нарығын ұлғайтудың бір түрі болып табылады.
- Ауқымды үнемдеу. Өндірістің толық қуатымен жұмыс істеуі, қолдағы бар ресурстарды дұрыс пайдаланып, үлкен өткізу нарығына шығу кезінде ауқымды үнемдеуге мүмкіндік береді.
- Осалдықты төмендету. Нарықтың алуан түрлілігі тауарлар мен қызметтердің жалғыз өткізу нарығынан тәуелділігінен арылуға көмектеседі. Мысалы, егер жоғары сұранысы бар

кәсіпорынның басқа да өткізу нарықтары болса, ішкі нарықта экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі кәсіпорынға қатты әсер етпейді.

- Жаңа білім мен тәжірибе. Жаһандық нарықта өнімді өткізудің жаңа идеялары, амал тәсілдері мол болмақ.
- Жаһандық бәсекелестік. Қазіргі компаниялар жаңа шетелдік нарықтарды игеруде. Бірегей халықаралық тәжірибе кәсіпорындарға әлем нарығында бәсекелесуге қабілетті болып қалуға мүмкіндік береді.

Сонымен қорыта келгенде, Еуразиялық экономикалық одақ — бүгінгі күнмен болашақтың күрделі сынақтарымен өлшенетін мегажоба. Оның қалыптасуы тарихтағы ең күшті жаһандық қаржы экономикалық дағдарыстар ықпалымен басталған жаңа әлемдік архитектураның органикалық бөлшегі болудың барлық мүмкіндіктеріне ие. Үш ел арасында экономикаларымызды бірлесе жаңғырту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін елдердің әрқайсысының мүмкіндіктерін біріктіру одақтың басты міндеті болып табылмақ.

Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілік макроэкономикалық факторларды ғана емес, сондай-ақ жұмыс күшінің сапасын, оның инновацияларды тәжірибелік тұрғыдан енгізе алуын да ескереді. Білім берудің жоғары деңгейі — ұлттық экономиканың маңызды қозғаушы күші, ол (басқа факторлармен бірге) отандық экономиканың инновациялық жолға ауысуы барысында және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда да кеңінен пайдаланылуы тиіс.

Еуразиялық экономикалық одақ — жаһандық экономикамен етене жымдасқан, Еуропа мен Азия елдері арасындағы берік тетігі. Біздің елдеріміздің мәңгілік достығының, өзара іс-қимылы мен тату көршілігінің берік механизмі. Еуразиялық экономикалық одақ теңдік, негізділік, жүйелілік прагматизм және өзара тиімділік қағидаттары негізінде құрылды.

2014 ж. 10 қазанында Армения Еуразиялық экономикалық одақтың келісім-шартына отырды. Қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одаққа Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттері қызығушылығын тудырып отыр. Бұл мемлекеттердің экономикалық одаққа кіруі әлемдік экономикада сауда жүйесінің тұрақтылығы мен беріктілігін нығайтпақ.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [Bag.kz/kk/news](http://Bag.kz/kk/news)
- 2 Бірлескен ықпалдастық энергиясы ЕАЭО жағдайында ғылыми экономиканың қалыптасуы // Егемен Қазақстан. — 2014. — № 205. — 21 қазан.
- 3 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [www.m.wikipedia](http://www.m.wikipedia)
- 4 Еуразиялық интеграция институты. Еуразиялық экономикалық одақ: бәсекеге қабілеттіліктің жаңа биіктеріне // Егемен Қазақстан. — 2014. — № 183. — 19 қырк. — 3-б.
- 5 Қазақстан даму деңгейі жоғары елдер тобында // Егемен Қазақстан. — 2014. — № 172. — 4 қырк. — 3-б.
- 6 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [group-global.org/kk/publication](http://group-global.org/kk/publication)
- 7 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [m.kaztube.kz](http://m.kaztube.kz)
- 8 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [www.eurasianism.enu.kz/ru/e](http://www.eurasianism.enu.kz/ru/e)

Г.Б.Мамраева, К.К.Рахимжанова, Т.М.Мұхтарова

#### **Евразийский экономический союз — старт новых возможностей**

В статье рассмотрены вопросы вхождения Казахстана в Евразийский экономический союз. Обозначены цели, задачи и направления деятельности Казахстана в ЕАЭС, а также основные экономические проблемы вхождения. Авторами рассмотрены основные направления внешнеэкономической деятельности Казахстана, приведены позиции Казахстана по индексам конкурентоспособности, проанализированы показатели экспорта товаров, в частности, указано на преимущества в экспорте товаров в условиях ЕАЭС. В статье авторы отмечают, что создание Евразийского экономического союза является своевременным шагом в укреплении экономик стран ЕАЭС.

G.B.Mamrayeva, K.K.Rakhimzhanova, T.M.Mukhtarova

**Eurasian Economic Union is the new economical start**

This article deals with the entering of Kazakhstan into the Eurasian Union. There were set purposes, objectives, activities and basic economic entering problems of the union. Authors considered the basic directions of foreign economic activity of Kazakhstan, showed the position of the indices of competitiveness of Kazakhstan, analyzed the performance of exports of goods, particularly specified the advantages of exports of goods in Eurasian Economic Union conditions. In this article authors notice, that the development of Eurasian Economic Union is in timed step strengthening the economies of countries of Eurasian Economic Union.

## References

- 1 [ER]. Acces mode: Bag.kz\kk\news
- 2 Union fluence energy.Economic and scientific development in Eurasian Economic Union condition, Independent Kazakhstan, Oct., 21, 2014, 205.
- 3 [ER]. Acces mode: www.m.wikipedia
- 4 Eurasian institute of integration. Eurasian Economic Union in the competitiveness, Independent Kazakhstan, Sept., 19, 2014, 1183, p. 3.
- 5 Kazakhstan is developed country. Independent Kazakhstan, Sept., 4, 2014, 172, 2014, p. 3.
- 6 [ER]. Acces mode: group-global.org\kk\publication
- 7 [ER]. Acces mode: m.kaztube.kz
- 8 [ER]. Acces mode: www.eurasinism.enu.kz\ru\e